

**Украинадан шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін, коррозияға төзімді (тоттанбайтын) болаттан жасалған жіксіз құбырларға қатысты демпинге қарсы баж енгізу арқылы демпинге қарсы шара қолдану туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 6 шешімі

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Шешім 26.02.2016 бастап күшіне енді-Еуразиялық экономикалық одақ сайты**

Үшінші елдерге қатысты арнайы қорғау, демпинге қарсы және өтемақы шараларын қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымша) 107-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссияның Ішкі нарықты қорғау департаментінің баяндамасы негізінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1.Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін, Украинадан шығарылатын, ЕАЭО СЭҚ ТН 7304 41 000 1, 7304 41 000 5, 7304 41 000 8, 7304 49 100 0, 7304 49 930 1, 7304 49 930 9, 7304 49 950 1, 7304 49 950 9, 7304 49 990 0, 7304 90 000 1, 7304 90 000 9 кодтарымен сыныпталатын, диаметрі қоса алғанда 426 мм дейінгі, коррозияға төзімді (тоттанбайтын) болаттан жасалған жіксіз құбырларға қатысты қосымшаға сәйкес мөлшерде демпинге қарсы баж енгізу арқылы демпинге қарсы шара қолданылсын, демпинге қарсы осы шараның қолданылу мерзімі 5 жыл деп белгіленсін.

2.Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден ісі саласындағы уәкілеттік берілген мемлекеттік органдары ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарын да, тауардың атауын да басшылыққа алып, осы Шешімде көзделген демпинге қарсы баждың алынуын қамтамасыз етсін.

3.Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының Төрағасы*

*В. Христенко*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2016 жылғы 26 қарашадағы  
№ 6 шешіміне  
ҚОСЫМША

**Демпинге қарсы баж**

**СТАВКАЛАРЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕРІ**

|  |  |  |
|--|--|--|
|  |  |  |
|--|--|--|

| Тауардың атауы                                                                                                     | Өндіруші                                                                                                                                                          | Демпинге қарсы баж<br>ставкаларының мөлшері (кедендік<br>құнының пайызы) |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------|
| Диаметрі қоса алғанда 426 мм<br>дейінгі, коррозияға төзімді<br>(тоттанбайтын) болаттан жасалған<br>жіксіз құбырлар | "Сентравис Продакшн Юкрейн"<br>жеке акционерлік қоғамы (53201,<br>Украина, Днепропетровск облысы,<br>Никополь қаласы,<br>Трубниктер даңғылы, 56)                  | 4,32                                                                     |
|                                                                                                                    | "Интерпайп Нико Тьюб"<br>жауапкершілігі шектеулі қоғамы<br>(53201, Украина, Днепропетровск<br>облысы,<br>Никополь қаласы,<br>Трубниктер даңғылы, 56)              | 4,32                                                                     |
|                                                                                                                    | "ОСКАР" өндірістік бірлестігі"<br>жауапкершілігі шектеулі қоғамы<br>(49044, Украина, Днепропетровск<br>қаласы,<br>Екатеринославский бульвары, 2-<br>үй, 500-офис) | 18,96                                                                    |
|                                                                                                                    | өзгелері                                                                                                                                                          | 18,96                                                                    |